

ҚР СІМ қызметі мәселелері
жөніндегі Қоғамдық кеңеспен
2022 жылғы «21» қазанда
бекітілген

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің қызметі мәселелері жөніндегі
Қоғамдық кеңес туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметі мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабы 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қызметі мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес)-Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) коммерциялық емес ұйымдармен, азаматтармен бірлесіп құратын консультативтік-кеңесші, байқаушы орган.

2-тарау. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыру

1-Параграф. Азаматтық қоғамнан Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу тәртібі

3. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамы (бұдан әрі – жұмыс тобы) Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың өкілдері қатарынан және коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың өкілдері қатарынан конкурстық негізде қалыптастырылады.

4. Жұмыс тобының сандық құрамын жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізілгенге дейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі (бұдан әрі – Министр) айқындайды.

Жұмыс тобының құрамындағы мемлекеттік органнан өкілдік жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының үштен бірінен аспайды. Осы өкілдіктің дербес құрамын Министр дербес айқындайды.

Жұмыс тобы құрамындағы азаматтық қоғамнан өкілдік жұмыс тобы мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрайды және коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады.

5. Министрлік бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды және (немесе) өзінің интернет-ресурсында Министрлік және коммерциялық емес

ұйымдар өкілдерінің қатарынан жұмыс тобының сандық құрамын, азаматтарды, құжаттарды тапсыру мерзімдерін, сондай-ақ құжаттар жіберілетін пошта және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруды орналастырады.

6. Конкурсты өткізу мерзімі конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күнін құрайды.

7. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде қолма-қол береді немесе хабарландыруда көрсетілген Министрліктің электрондық мекенжайына мынадай құжаттарды жібереді:

1) 1 азаматтың осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс тобының құрамына кандидатура ұсыну туралы өтінішін;

2) жұмыс тобының мүшелігіне кандидатура (бар болса) ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысын;

3) кандидаттың кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтерді;

4) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесін.

8. Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде Министрлік жұмыс тобына кандидаттардың тізімін қалыптастырады.

9. Кандидаттар тізімін қалыптастыру аяқталғаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде жұмыс тобына кандидаттардың қатысуымен жұмыс тобының отырысы өткізіледі. Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Қоғамдық кеңес мүшелігіне сайлау үшін конкурсқа жіберілмейді.

10. Жұмыс тобының отырыстарына үкіметтік емес ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың өкілдері болып табылатын дауыс беру құқығы жоқ байқаушылар қатысуға жіберіледі.

Министрлік жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландырумен бір мезгілде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды және (немесе) өзінің интернет-ресурсында құжаттарды беру мерзімдерін, сондай-ақ құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, байқаушылардың тізімін қалыптастыру бойынша іріктеу өткізу туралы хабарландыруды орналастырады.

Байқаушы болуға ниет білдірген адам байқаушы ретінде жұмыс тобының отырысына қатысу үшін Министрлікке өтініш береді не осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсқа байқаушы ретінде қатысу үшін электрондық поштаға жібереді.

11. Жұмыс тобының отырысы өткізілетін уақыт пен орын туралы жұмыс тобының мүшелігіне кандидаттарды, байқаушыларды Министрлік отырыс өткізілгенге дейін үш жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

12. Министрлік жұмыс тобының отырысын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді.

13. Жұмыс тобының бірінші отырысын Министр өткізеді.

Жұмыс тобының кейінгі отырыстарын жұмыс тобының басшысы өткізеді.

14. Жұмыс тобының құрамына мүшелерді іріктеу коммерциялық емес ұйымдардан және ашық дауыс беруге қатысатын азаматтардан жұмыс тобының мүшелігіне кандидаттардың көпшілік дауысымен жүзеге асырылады. Коммерциялық емес ұйымнан кандидат, азамат өз кандидатурасы үшін дауыс беруге қатыспайды.

15. Жұмыс тобының құрамын Министр бекітеді.

16. Жұмыс тобының бірінші отырысында көпшілік дауыспен азаматтық қоғам өкілдерінің арасынан жұмыс тобының басшысы сайланады.

17. Жұмыс тобының шешімі Министрліктің ресми интернет-ресурсында отырыс аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жарияланады.

18. Жұмыс тобының отырысында жұмыс тобының басшысы айқындайтын жұмыс тобының мүшесі хаттама жүргізеді, оған жұмыс тобының басшысы қол қояды.

19. Жұмыс тобы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау туралы конкурс туралы халықты хабардар етеді;

2) бірінші отырыста Қоғамдық кеңес мүшелерінің - он бестен отызға дейінгі мүшелердің сандық құрамын айқындайды;

3) Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау рәсімін жүргізеді;

4) Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімін қалыптастырады;

5) Қоғамдық кеңес туралы ереженің жобасын әзірлейді.

20. Жұмыс тобының отырысы жұмыс тобының басшысын ескере отырып, оған жұмыс тобы мүшелерінің жалпы құрамының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

21. Жұмыс тобының және оның басшысының өкілеттігі Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіткеннен кейін тоқтатылады.

22. Қоғамдық кеңесті Министрлік өкілдерінен және конкурстық негізде – коммерциялық емес ұйымдардың, азаматтардың өкілдерінен тұратын жұмыс тобы құрады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатураларды коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар, оның ішінде өзін-өзі ұсыну арқылы ұсынады.

Қоғамдық кеңестің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.

23. Қоғамдық кеңестің жаңа құрамын қалыптастыру рәсімі Заңның 8 және 9-баптарында белгіленген тәртіпке сәйкес Қоғамдық кеңестің қолданыстағы құрамының өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін екі ай бұрын басталады.

24. Жұмыс тобы Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс туралы хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды және (немесе) Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады.

25. Хабарландыруда мыналар көрсетіледі:

1) Министрліктің атауы;

2) Заңның 10-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайлар, беру мерзімдері, конкурсқа қатысу үшін құжаттардың тізбесі және кандидаттарға қойылатын талаптар;

3) Министрлік және коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар өкілдерінен тұратын Қоғамдық кеңестің сандық құрамы.

26. Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері хабарландыруда көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидатуралар бойынша ұсыныстарды қолма-қол береді немесе Министрліктің электрондық мекенжайына жібереді.

27. Жұмыс тобы құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін он жұмыс күні ішінде отырыста Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттардан келіп түскен құжаттарды талқылайды және әрбір кандидат бойынша ашық дауыс береді. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Қоғамдық кеңестің құрамына сайланды деп есептеледі. Бірдей дауыс санын жинаған кандидаттар бойынша жұмыс тобының басшысы шешуші дауыс құқығын өзіне қалдырады.

28. Қоғамдық кеңестің қазіргі мүшелері конкурсқа қатысу үшін өз өтініштерін Заңның 10-бабында көзделген жалпы негіздерде береді.

29. Министрліктен Қоғамдық кеңеске өкілдікті Министр конкурс өткізбей бекітеді.

30. Қоғамдық кеңестің қалыптастырылған құрамын Министр бекітеді және Қоғамдық кеңестің құрамы бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

31. Министрлікті білдіретін Қоғамдық кеңес мүшесінің өкілеттігі тоқтатылған кезде, өкілеттігі тоқтатылған мүшенің орнына Қоғамдық кеңестің жаңа мүшесін қосу туралы шешімді Министр қабылдайды.

32. Қоғамдық кеңестің шығып қалған мүшелерін кейіннен ауыстыру мақсатында жұмыс тобының шешімімен Қоғамдық кеңестің құрамына кірмеген азаматтық қоғам өкілдерінің арасынан Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімі қалыптастырылады.

33. Резервтік тізімнен кандидат Қоғамдық кеңеске мүше болудан бас тартқан және Қоғамдық кеңеске кандидаттардың резервтік тізімінде басқа кандидаттар болмаған жағдайларда, Қоғамдық кеңес Қоғамдық кеңестің құрамына қосымша конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды.

34. Қоғамдық кеңес қосымша конкурс өткізу үшін Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау жөніндегі конкурс туралы хабарландыруды бұқаралық

ақпарат құралдарында жариялайды және (немесе) Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады.

35. Хабарландыруда мыналар көрсетіледі:

1) Министрліктің атауы;

2) Заңның 10-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес құжаттар жіберілетін пошталық және электрондық мекенжайлар, беру мерзімдері, конкурсқа қатысу үшін құжаттардың тізбесі және кандидаттарға қойылатын талаптар;

3) Министрлік және коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар өкілдерінен тұратын Қоғамдық кеңестің сандық құрамы.

36. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар, коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес пошта немесе электрондық мекенжайға қажетті құжаттарды қоса бере отырып, ұсыныстар береді.

37. Қоғамдық кеңес құжаттарды қабылдау аяқталған күннен кейін он жұмыс күні ішінде отырыста Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттар бойынша келіп түскен құжаттарды талқылауды және әрбір кандидат бойынша ашық дауыс беруді жүргізеді. Ең көп дауыс жинаған кандидаттар Қоғамдық кеңестің құрамына сайланды деп есептеледі. Бірдей дауыс санын жинаған кандидаттар бойынша Қоғамдық кеңестің төрағасы шешуші дауыс құқығын өзіне қалдырады.

38. Қоғамдық кеңестің жаңа мүшелері Қоғамдық кеңес мүшелерінің өкілеттігін тоқтатқан қалған өкілеттік мерзіміне сайланады (тағайындалады).

2-Параграф. Қоғамдық кеңестің жұмыс органдарын ұйымдастыру

39. Қоғамдық кеңес тұрақты және (немесе) уақытша жұмыс органдарын: комитеттерді, сараптамалық топтарды құрады. Қажет болған жағдайда қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құрылуы мүмкін.

40. Қоғамдық кеңес тұрақты жұмыс органдары – комитеттер құрады. Комитеттердің сандық құрамын Қоғамдық кеңес дербес айқындайды, бұл ретте кемінде үш адамды құрайды.

41. Комитеттер/комиссиялар Қоғамдық кеңестің құзыретіне жатқызылған тиісті саланың қоғамдық-маңызды мәселелерін зерделеу үшін Қоғамдық кеңестің шешімімен құрылады.

42. Комитеттердің/комиссиялардың құрамы Қоғамдық кеңес мүшелерінен, коммерциялық емес ұйымдардың, ғылыми, кәсіподақ және басқа ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, сарапшылардың өкілдерінен құралады, Қоғамдық кеңестің өзі айқындайды және оның отырысында бекітіледі.

43. Комитеттердің/комиссиялардың қызметі Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша тоқтатылады.

44. Қоғамдық кеңестер уақытша жұмыс органдарын – сараптамалық топтарды құрады, олар Қоғамдық кеңестің құзыретіне жатқызылған тиісті

саланың нақты мәселелерін зерделеу үшін Қоғамдық кеңестің шешімімен құрылады.

45. Сараптама топтарының құрамы Қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік органдардың, коммерциялық емес ұйымдардың, ғылыми, кәсіподақ және мүдделі ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, сарапшылар қатарынан қалыптастырылады.

46. Қоғамдық кеңестің сараптамалық топтары:

1) зерттелетін мәселелер бойынша материалдармен алдын ала танысуды және қарау қорытындылары бойынша мәселелерді оның бағытына сәйкес Қоғамдық кеңес комитетінің/комиссиясының отырысында қарауға дайындауды жүзеге асырады; және оларды Қоғамдық кеңестердің комитеттерінде/комиссияларында оның бағытына сәйкес қарау үшін ұсынады;

2) зерттелетін мәселелер бойынша сараптамалық қорытындылардың жобаларын дайындайды және оларды қоғамдық кеңестердің комитеттерінде/комиссияларында оның бағытына сәйкес қарау үшін ұсынады.

47. Нақты мәселе бойынша материалдарды зерделеу қорытындысы бойынша сараптама тобы қорытынды жасайды және оның бағытына сәйкес Қоғамдық кеңестің тиісті комитетіне/комиссиясына қарау үшін жібереді.

Зерттелетін мәселелер бойынша сараптама тобының қорытынды материалдарын Қоғамдық кеңес тиісті комитеттің/Қоғамдық кеңес комиссиясының ұсынуы бойынша қарайды.

3-тарау. Қоғамдық кеңестердің өкілеттіктері

48. Қоғамдық кеңес өкілеттіктерді Заңның 5-бабына сәйкес жүзеге асырады.

49. Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген өкілеттіктерді іске асыру үшін Қоғамдық кеңес отырыстар өткізеді.

50. Қоғамдық кеңестің отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Қоғамдық кеңестің отырыстарын бейнеконференцбайланыс режимінде өткізуге жол беріледі.

51. Қоғамдық кеңестің отырыстарына мүдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен өзге де мамандар шақырылады.

52. Мәселелерді қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес Министрліктің қарауы және Заңның 5-бабының 2-тармағында көзделген мерзімдерде шешімдер қабылдауы үшін міндетті болып табылатын ұсынымдарды қабылдайды.

53. Қоғамдық кеңес Министрлік жіберген азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарайды.

54. Нормативтік құқықтық актінің жобасын алған сәттен бастап Қоғамдық кеңестің хатшысы ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу үшін бір жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңес мүшелеріне қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық пошта арқылы жіберуді ұйымдастырады.

55. Қоғамдық кеңестің мүшелері бес жұмыс күні ішінде нормативтік құқықтық актінің жобасын қарайды және Қоғамдық кеңестің хатшысына ұсыныстар мен ұсынымдар не олардың жоқтығы туралы хабарлайды.

56. Нормативтік құқықтық актінің жобасын қарау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңестің хатшысы қаралатын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша Қоғамдық кеңестің ұсынымдарының жобасын дайындайды және Қоғамдық кеңестің төрағасына қол қоюға енгізеді.

57. Қоғамдық кеңестің төрағасы болмаған жағдайда Қоғамдық кеңес ұсынымдарының жобасына Қоғамдық кеңес төралқасының мүшесі қол қоя алады.

58. Қоғамдық кеңестің төрағасы қол қойған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын Қоғамдық кеңестің хатшысы министрлікке қағаз немесе электрондық жеткізгіште не электрондық пошта арқылы жібереді.

59. Заңның 5-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес Министрліктің тиісті қызмет саласындағы қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

60. Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) құзыреті бойынша тиісті мемлекеттік органға немесе жергілікті мемлекеттік басқару органына өтінішті жіберу туралы;

2) осы өтінішті Қоғамдық кеңестің отырысында қарау туралы;

3) келіп түскен өтінішті қарау бойынша қоғамдық бақылау нысандарының бірін жүргізу туралы.

61. Қоғамдық кеңестің хатшысы заңнамада көзделген мерзімдерде өтініш берушіге жолдануға дайындалған жауапты жібереді.

62. Өз өкілеттігі шеңберінде Қоғамдық кеңестің төрағасы:

1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;

2) отырыстарда төрағалық етеді;

3) Қоғамдық кеңестің атынан құжаттарға қол қояды;

4) Қоғамдық кеңестің шешімдерін іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

5) Министрліктің отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатысады;

6) ол болмаған уақытта төрағаның міндеттерін атқаруды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне береді.

63. Ұйымдастыру мәселелерін шешуді қамтамасыз ету, Қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау және өткізу, Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу мақсатында Қоғамдық кеңестің хатшысы:

1) Қоғамдық кеңестің отырыстарын дайындау мен өткізудің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

2) Қоғамдық кеңесте іс жүргізуді ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдерін бақылайды.

64. Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

65. Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңестің отырысында ашық дауыс беру арқылы сайланады.

66. Министр Қоғамдық кеңес төрағасымен келісім бойынша Қоғамдық кеңес хатшысының міндеттерін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты бойынша тартылатын қызметкерге жүктейді.

67. Қоғамдық кеңестің отырысында Қоғамдық кеңестің хатшысын сайлау туралы тиісті шешім еңбек шартын жасасу үшін негіз болып табылады.

1 қосымша

Нысаны

Кімге _____

(Министрліктің атауы)

кімнен _____

_____ (Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке куәлігі № _____, берілген (қашан, кіммен))

тұрғылықты мекенжайы: _____ (елді мекен, көше, үй, пәтер)

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі Жұмыс тобының құрамына енгізу үшін өз кандидатурамды ұсынамын

Осы өтінішпен мен «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін

Келесі құжаттарды қоса беремін:

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

5) _____

6) _____

7) _____

" _____ " _____ 20 _____ жыл. Өтініш берушінің қолы _____

2 қосымша

Нысаны

Кімге _____

(Министрліктің атауы)

кімнен _____

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке куәлігі №____, (қашан, кіммен))

тұрғылықты мекенжайы: _____

(елді мекен, көше, үй, пәтер)

Өтініш

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсқа байқаушы ретінде енгізу үшін өз кандидатурамды беремін.

Осы өтінішпен мен «Қоғамдық кеңестер туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелерімен танысқанымды растаймын және оның талаптарын сақтауға міндеттенемін

Келесі құжаттарды қоса беремін:

1) _____

2) _____

3) _____

4) _____

5) _____

6) _____

7) _____

" ____ " _____ 20 ____ жыл. Өтініш берушінің қолы _____